# «Қабуснама»

***«Қабуснама»*** *— 1082-1083 жылдар ішінде жазылған аса бағалы педагогикалық мәні бар туынды.*
*X-XII ғасырда феодализм қоғамы едәуір өркендеп, оқу мен білімі, мәдениеті мен әдебиеті кемелдене түскен Орта Азия мен Иран өлкесі саяси-экономикалық, мәдени жағынан күшті дамиды. Бұл қауым Иран мәдениетін арабтың және араб арқылы келген грек, Рим мәдениетін,іргелес үнді мәдениетін бойына сіңіреді. Сонымен қатар саяси, таптық, ұлттық мәдени-әдеби тіл қайшылықтары шиеленіскен орталық болады. Міне,осы жағдайда бүкіл адамзаттың мәдениеті мен әдебиетін байытқан алып тұлғалар дүниеге келді.Солардың бірі парсы жазушысы Кей-Кавустың 63 жасында, өзінің ұлына арнап жазған кітабы.Аталмыш оқу құралында 42 бөлім бар. Ақыл айту жанрында жазылған алтын қазына билер, ел басқарушылар, діни адамдар, хандар мен ұстаздардың сүйікті кітабы болған.*

Фараби,Әбу-али-Ибн Сина, Махмұд Қашқари
Абдулхасан Рудаки,Әбілқасым Фердоуси, Омар
Хайям, Насыр Хосрау, әл-Фараби,Әбу-али-Ибн
Сина, Махмұд Қашқари, Қожа Ахмет Яссауи
Абдулхасан Рудаки,Әбілқасым Фердоуси, Омар
Хайям, Насыр Хосрау, әл-Фараби,Әбу-али-Ибн
Сина, Махмұд Қашқари, Қожа Ахмет Яссауи, Жүсіп
Баласағұни Абдулхасан Рудаки,
Әбілқасым Фердоуси, Омар Хайям, Насыр Хосрау, әл-
Фараби,Әбу-али-Ибн Сина, Махмұд Қашқари, Қожа
Ахмет Яссауи, Жүсіп Баласағұни,Абурайхан Әл—Бируни
Абдулхасан Рудаки,Әбілқасым Фердоуси, Омар
Хайям, Насыр Хосрау, әл-Фараби,Әбу-али-Ибн
Сина, Махмұд Қашқари, Қожа Ахмет Яссауи, Жүсіп
Баласағұни,Абурайхан Әл-Бируни, Мұхамед Хорезми
Абдулхасан Рудаки,Әбілқасым Фердоуси, Омар

*«Қабуснаманың» авторы — **Кайқаус** Каспий теңізінің оңтүстік жағалауында мекендейтін Гилан ру-тайпасының ұсақ феодал семьясында (1021-1022 жылдарда) дүниеге келеді.*

*Кайқаус 63 жасында «Қабуснаманы» өзінің ұлы **Гиланшахқа** арнап жазады. Өзінің қартайғанын баяндай келіп: «Менің дүниедегі жиып-терген ең қымбат асыл заттарым — саған арнап жазған осы үгіт-насихат кітабым», -дейді.*

*Орыс және батыс педагог-ғалымдары бала тәрбиесіне, оның мінез-құлық, этика мәселелеріне қаншалықты көңіл бөлсе, шығыс ғалымдары да бала тәрбиесіне соншалықы үлкен мән беріп отырған .*







- *Шамсал Маолий Қабус қатал,зұлым болғанымен өз заманындағы феодал үстемдігіне қажетті барлық ілімдерді үйренді.Ол әрі әдебиетші,әрі ақпа ақын еді. Фарсы,араб тілінде өлеңдер жазатын. Классикалық араб тілінде жазылған «Намалардың» авторы болды. Сонымен қатар ол өз қол астына белгілі ғылым, әдебиет,мәдениет қайраткерлерін топтастырды және Жүржаниіді ірі мәдениет орталығына айналдырды.*
- *Қабустың немересі Кайқаус та өз заманының көп жағдайынан хабары бар зиялылардан еді, өз дәуірінің ілімділерінің қатарында болып,музыка және табиғаттану іліміне зор құштарлықпен көңіл аударды. Оның көптеген ғылымдардан хабары болғаны автордың «Қабуснама» шығармасынан жарқырап көрініп тұрады.*

*Кайқаус «Қабуснаманы» жазар алдында өзінен бұрын өткен ғалымдар мен зиялылардың шығармаларымен кеңінен танысады. Өткен дәуірде жазылған педагогикалық шығармаларды оқып шығады,өз дәуіріндегі мәдени орталығы бар мемлекеттермен танысады. Бұхар, Самарқанд, Хорезм өлкесінде болып және ол жердегі ғалымдармен сұхбаттасып, олардң ғылыми-тәрбиелік пікірлерінің жиынтық айнасындай «Саһодатнама» және «Рушнойнама» шығармаларына назарын ерекше аударады. Сондықтан да «Қабуснама» тәлім-тәрбиелік мәні жағынан XI ғасырдағы шығыс педагогикасы тарихында аса құнды шығармалар қатарынан орын алды.*

*«Кабуснаманың» аударма нұсқаларын қазақтың ағартушы-демократтары өз еңбектерінде шығармашылық тұргыда пайдаланып отырды. Абай «Кабуснаманың» мазмұнымен таныс болған, ойшыл ақынның ғақлия сөздерінің жанрлық, стильдік түп-төркіні «Кабуснамемен»өзектес,сарындас келеді. Ақынның қолында тәрбиеленген немере інісі Кәкітай Ысқақұлының: «Абай ғарапша, парсыша, түрікше кітаптарды көп оқып, олардың ішіндегі ғылымнан үлкен хабардар болды. Сол талаппен қырда ғарапша, парсыша Абайдан артық білетұғын ешкім болмады» (Құнанбайұлы Абай. Өлеңдері. Ташкент, 1922, 9-6.), - деген пікірі де Абайдың ағартушылық тұрғыдағы ой-тұжырымдарын жүйелеуде дерек көзінің бірі ретінде «Кабуснаманың» пайдаланғанын айғақтайды.*

*Абайдың ой-танымдары «Кабуснамада»: «Адамның сипатын білдіретін үш нәрсе бар. Бұл үш нәрсенің бірі - ақыл, бірі - әділеттілік, бірі – жәуанмәртлік» (Кабуснама. Ташкент,1968,121-б.),-деп атап көрсетілген. Абайдың Отыз сегізінші сөзінде бұл сипаттар:ақыл,әділет,рақым ретінде берілген.Абай танымы «Кабуснамадан» өзгеше,өзіндік көзқарасты аңғартады.*



*«Кабуснама» адам бойындағы рухани болмыс: ес, қиял, ой, сөз,адам еркінен тыс жоғары рухтан келген тәңірілік құбылыс деп таниды. Абай үш сипатты тәңірінің бойындағы сегіз сипатпен байланыстыра қарастырып, ол сипаттардың бәрі де оның пендесінің, яғни адамның бойында барлығына, олардың тәңіріден келер құбылыс емес, кәсіби нәрсе екеніне ерекше көңіл бөледі.Ақынның жастарды адамгершіліктің ізгі қасиеттеріне баулып, «толық адам» етіп тәрбиелеу туралы даналық ой-толғаныстарында да «Кабуснамамен» пікір іліктестігі,ой ортақтастығы байқалады.*



*Бірінші тарау:Ей,перзентім,дүниеде өмір барда заман да бар,бұл дүние мәңгілік емес екенін түсініп,қапы қалмау керек.Алла Тағаланың барлығын ойланғаның абзал,ал оның заты,тегі,жаратылысы қандай екен деп әуреленбе.*

*Екінші тарау:Дүние түзілгенде  ұлы  даналықпен түзіліп,оған көркемдік пен сұлулықты үйлестірді.Егер оған жіті көзбен назар салсаң,көркемдік көкжиегінің шексіз екендігін байқайсың.*

*Үшінші тарау:Егер де сенің қызметкер құлың болса,ол саған адал қызмет етуге міндетті.Сен Алла Тағала алдынды адал қызмет атқармасаң,қызметкер құлыңнан да адал қызмет күтпе.*

Б







Назарларыңызға рахмет !